

**«Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қоры» АҚ
Төрағасының
2022 жылғы 10 ақпандағы №10
бұйрығымен бекітілген**

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

Алматы қ.

1. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 10 бабына сәйкес (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ әзірленген және Қор қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған нұсқаулар жүйесін анықтайды.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қордың қызметкерлерінің белгіленген ережелерді сөзсіз орындап және Қор қызметі барысындағы сыбайлас жемқорлық жағдайларының алдын алуға бағытталған әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың орын алуына жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және Қор қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне абсолютті төзімсіздікті жоғарылату болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт келесі міндеттерді белгілейді:

1) Қор қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-қылығы мен жауапкершілігін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және теріс жағымсыз салдарының алдын алу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың ұстанымдары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізі ретінде келесі жағдайларда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей әрекеттер алынған:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарға қатысты салаларда жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және басқа да шешімдерді әзірлеу және қабылдау;

3) Қордың ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау;

4) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» заңында (бұдан әрі – депозиттерге кепілдік беру туралы Заң) қарастырылған қызметтерді іске асыру.

7. Қор қызметкерлеріне арналған мінез-құлық қағидалары.

7.1. Қор қызметкерінің міндеттері:

7.1.1. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру барысында:

1) жеке және заңды тұлғалар құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін (хабарламалар, сұраныстар, пікірлер және ұсыныстар) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қарастырып және тиісті шаралар қабылдау;

3) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

4) өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу мақсатында пайдаланбау;

7.1.2. өз құзыреті шегінде барлық деңгейдегі басшыларға басқарушылық және басқа да шешімдерді әзірлеу және қабылдау барысында:

1) лауазымдық міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысының орын алуы, жеке мүдделіліктің туындауы, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей басшысына дереу баяндау;

2) бағынышты қызметкерлерінің арасында олардың жұмыс тәжірибесі мен атқаратын лауазымын ескеріп, жұмыс жүктемесін тең бөлу, қарамағындағыларға айқын орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттері шеңберінен тыс, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келетін өкімдер мен тапсырмаларды тапсырмау;

3) бағынышты қызметкерлерінің жұмыстарының нәтижелерін бағалау, сонымен қатар, оларға ынталандыру және жазалау шараларын қолдану жағдайында әділдік пен объективтілік таныту;

4) бағынышты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларға жол бермеу;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ қарамағындағы қызметкер өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу шараларын уақтылы қолдану;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл барысында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ашуда белсенділік таныту;

7) қарамағындағы қызметкерлерін қызметтен тыс немесе жеке тапсырмаларды орындауға қатыстырмау;

7.1.3. Қордың ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

1) азаматтардың заңмен белгіленген құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) заңды тұлғалардың заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қордың Жарғысына сәйкес Қордың ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау;

4) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерге (бұдан әрі-қатысушы банк) пікірлерін (позициялар) білу үшін түсіндірме жазбаны қосымша ұсына отырып, олардың мүдделеріне қатысты Қордың ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын жіберу;

7.1.4. депозиттерге кепілдік беру туралы заңда қарастырылған қызметтерді іске асыру барысында:

1) барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияларынан айырылған және (немесе) мәжбүрлі тарату процесінде қатысушы банктің депозиторларына депозиттерге кепілдік беру туралы заңда және Қордың ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған тәртіпте кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыру;

2) кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған өтінімдер, өтініштерді (хабарламалар, ұсыныстар, пікірлер, сұраныстар) қарастыру барысында қағазбастылықты болдырмау, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған мерзімде қарастыру және нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабар беру;

3) депозиттерге кепілдік беру туралы заңда қарастырылған қызметтерді іске асыру барысында қызметтен тыс қатынастарға жол бермеу;

4) барлық банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияларынан айырылған және (немесе) мәжбүрлі тарату процесіндегі қатысушы банктердің депозиторлары мен өтініш берушілеріне кепілдік берілген өтемді төлеу барысында негізсіз бас тарту жағдайларына жол бермеу;

5) депозиттерге кепілдік беру туралы заңда және Қордың кепілдік берілген өтемді төлеу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылмаған негіздемелер бойынша кепілдік берілген өтемді төлеуге жол бермеу;

б) қатысушы банктердің депозиттерге кепілдік беру туралы заңның, қосылу шартының, оның ішінде Қордың ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған тәртіпте жеке тұлғалардың кепілдік берілген депозиттері және кепілдік берілген өтем сомалары бойынша міндеттемелерді автоматтандырылған есепке алу талаптарын орындауды бақылау;

7) қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының уақтылы және толық төленуін қадағалауды жүзеге асыру;

8) барлық банк операцияларын жүргізуге лицензияларынан айырылған және (немесе) мәжбүрлі тарату процесіндегі қатысушы банктің депозиторларына (өтініш берушілеріне), оның ішінде, Қордың ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған тәртіпте кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент банктердің тізімінен алдын ала таңдап алынған агент банктер арқылы кепілдік берілген өтемді төлеу процесіне сәйкес бақылау жасауды қамтамасыз ету;

9) қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің, қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің, мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің (Қазақстан Республикасының бейрезидент банк филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын) тарату комиссиясының құрамында қатысуын қамтамасыз ету;

10) мәжбүрлі таратылатын қатысушы банктің (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын) кредиторлар комитетінің құрамына қатысуын, сондай-ақ комитетте кредитор ретінде Қордың мүдделерін тиісті түрде білдіруін қамтамасыз ету;

11) агент банктерге қойылатын талаптарды анықтау, агент банктердің алдын ала тізімін бекіту және Қордың ішкі нормативтік құжаттарында анықталған тәртіпте кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыру үшін оларды таңдауды қамтамасыз ету;

12) депозиттерге кепілдік беру туралы заңда көрсетілген қаржы көздерінің есебінен арнайы резерв қалыптастыру, сонымен қатар, оларды депозиттерге кепілдік беру туралы заңда қарастырылған мақсатта ғана пайдалануды жүзеге асыру;

13) өз қызметтерін іске асыру барысында белгілі болған қатысушы банктер және олардың клиенттері туралы ақпараттың сақталуын және қызметтік мақсатта қолданылуын қамтамасыз ету;

14) уәкілетті органға қатысушы банктердің Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасын бұзу фактілері туралы хабар беру;

15) Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шартының талаптарын депозиттерге кепілдік беру туралы заң талаптарына сәйкес анықтауды қамтамасыз ету;

16) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қордың ішкі нормативтік құжатында анықталған тәртіпте активтерді инвестициялауды жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауар, жұмыс және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыру.

8. Басқа да шектеулер, тыйымдар мен талаптар.

8.1. Қор қызметкерлерінің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның және депозиттерге кепілдік беру туралы Заңның талаптарын қатаң сақтау арқылы заңдылық ұстанымын басшылыққа алу;

2) еңбек тәртібін бұлжытпай орындау, берілген өкілеттіктерді адал, бейтарап пайдалану және өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті түрде атқару;

3) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, оны ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалану;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл барысында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашу кезінде белсенділік көрсету;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылғандардан басқа жағдайда, Қордың ақпараттық жүйелерімен жұмыс барысында алған ақпаратты қоса алғанда, өзінің лауазымдық міндеттерін атқару барысында алынған қызметтік, коммерциялық, банктік құпияны, жеке салымдар (жинақ ақшалар) құпиясын және кез келген жеткізгіш түрінде қабылдау үшін кез келген қолжетімді нысандағы басқа да ақпараттың құпиялылығын сақтау және үшінші тұлғаларға жария етпеу;

б) мүдделер қақтығысына жол бермеу және шешімін табу шараларын қабылдау;

7) басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ынталандырмау және бейімдемеу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғандардан басқа жағдайда, Қор қызметкерлері мен депозиторларының дербес деректері туралы мәліметтердің үшінші тұлғаларға берілуінің алдын алу;

9) Қордың іскерлік беделін қолдау: корпоративтік мәдениет және қызметтік әдеп қағидаларын сақтау, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде, жеке және заңды тұлғалардың өкілдерімен сыртқы және ішкі өзара іс-қимыл кезінде сыпайы мінез-құлық көрсету.

8.2. Қор қызметкерлеріне тыйым салынады:

1) өз өкілеттіктерін жеке түрде немесе делдалдар арқылы өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін пайдалануға қатысты мүліктік игіліктер мен артықшылықтар, мүліктік пайда алу мақсатында пайдалану, заңды және жеке тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен ақша, көрсетілетін қызметтер түрінде және басқа да нысандағы кез келген сыйақыны қабылдау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әкімшілік және (немесе) қылмыстық жауапкершілікке (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға) алып келетін, сыбайлас жемқорлықпен байланысты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған кінәлі әрекеттер жасау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғандардан басқа жағдайда, мәселелердің шешімін табу барысында өзінің жақын туыстары және (немесе) жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жақындарының материалдық мүдделерін қанағаттандыру үшін лауазымдық өкілеттіктерін пайдалану;

4) Қорға қабылдау және мансап жолында ілгерілеу барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған артықшылықтар (протекционизм, туыстық) ұсыну;

5) шешімдерді әзірлеу және қабылдау барысында заңды және (немесе) жеке тұлғаларға заңсыз қолдау көрсету;

6) кәсіпкерлік және пайда табумен байланысты басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруда әлдекімдерге Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған кез келген көмек түрін көрсету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ұсыну қарастырылған ақпаратты беруден негізсіз бас тарту, беру мерзімін асыру, дұрыс емес немесе толық емес ақпарат беру;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін (хабарламалар, сұраныстар, пікірлер мен ұсыныстар) қараушының және өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу тәртібін бұзу;

9) лауазымы жоғары ресми тұлғаларға олардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдаланып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу мақсатында сыйлықтар беру және қызметтен тыс қызметтер көрсету;

10) жоғары немесе төмен тұрған не қызмет немесе жұмыс бабында олармен айрықша тәуелділікте болатын адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатысу;

11) қызметтік жұмысты материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын қызметтен тыс мақсаттарда пайдалану;

12) Қордың қалыпты жұмысына және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысу;

13) мүдделер қақтығысы болған жағдайда лауазымдық міндеттерін атқару;

14) Қордың басқа қызметкерлеріне, өзге жеке және заңды тұлғаларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол беру.

9. Қорытынды ережелер.

9.1. Қордың барлық қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындауға міндетті болып табылады.

9.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Қор қызметкерлері, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғаннан басқа жағдайда қоспағанда, тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

9.3. Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауын қадағалау комплаенс-бақылаушыға тапсырылады.